
РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ

ЯНВАРЬ 2026

29,1
МЛРД ТГ



93,7%
ИФО

$304,7
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК


$2 310,2
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-декабрь 2025 г.





ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, *МЛН ТЕНГЕ*

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

Резеңке және пластмасса өнімдері 2026 жылғы қаңтар айында

2026 жылғы қаңтарда өндіріс көлемі құндық мәнде **29,1 млрд теңгені** құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен **4,0%-ға жоғары.**

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру құрылымында негізгі үлесті пластмасса плиталары, табақтары, құбырлары мен профильдері – **44,3%**, құрылысқа арналған пластмасса бұйымдары – **15,8%**, өзге де пластмасса бұйымдары – **24,2%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалары – **8,1%**, өзге де резеңке бұйымдар – **5,7%**, резеңке шиналар – **2,0%** құрады. Физикалық көлем индексі (ИФО) **93,7%-ды** құрады.

Резеңке және пластмасса өнімдерінің экспорты 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда заттай мәнде **76,7 мың тоннаны** *(2024 жылғы көрсеткішке +4,4%)* құрап, **304,7 млн АҚШ долларын** *(2024 жылғы көрсеткішке +14,0%)* құрады. 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (66,6%), Қырғызстанға (14,3%) және Өзбекстанға (8,7%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса өнімдерінің импорты 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда заттай мәнде **790,0 мың тоннаны** *(-60,8% 2024 жылғы көрсеткішке)* құрап, **2 310,2 млн АҚШ долларын** құрады. 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында резеңке және пластмасса тауарлары импортының негізгі көлемі **Қытайдан (31,3%), Ресейден (30,0%) және Кореядан (4,6%)** келіп түсті.

Резеңке және пластмасса бұйымдары нарығының көлемі 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында **3 003,8 млн АҚШ долларын** *(1 566,1 млрд теңге)* құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда **4,5%-ға төмен. ОТП үлесі 23,1%-ды** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **76,9%-ды** құрады.

2026 жылғы қаңтар айында резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің ең жоғары көлемі **мынадай өңірлерде байқалады**: Алматы облысы (25,5%), Астана қаласы (22,7%), Қарағанды облысы (16,8%), Шымкент қаласы (9,7%), Алматы қаласы (9,1%).